

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Педагогикалық сериясы
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Педагогическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-2661

№ 4 (2020)

Павлодар

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания
№ KZ03VPY00029269

выдано

Министерством информации и коммуникаций
Республики Казахстан

Тематическая направленность
публикация материалов в области педагогики,
психологии и методики преподавания

Подписной индекс – 76137

<https://doi.org/10.48081/DXTJ5012>

Бас редакторы – главный редактор

Бегентаев М. М.

д.э.н., профессор

Заместитель главного редактора

Пфейфер Н. Э., *д.п.н., профессор*

Ответственный секретарь

Нургалиева М. Е., *PhD доктор*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Абибуллаева А.,	<i>д.п.н., профессор</i>
Бурдина Е. И.,	<i>д.п.н., профессор</i>
Жуматаева Е.,	<i>д.п.н., профессор</i>
Фоминых Н. Ю.,	<i>д.п.н., профессор (Россия)</i>
Снопкова Е. И.,	<i>к.п.н., профессор (Белоруссия)</i>
Мирза Н. В.,	<i>д.п.н., профессор</i>
Донцов А. С.,	<i>доктор PhD</i>
Шокубаева З. Ж.,	<i>технический редактор</i>

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

МАЗМҰНЫ

Абдуалиева Ж. Б., Таженова Г. С., Мыханова Ж. Б.

Кеңестік дәуір кезеңі қазақ әдебиетіндегі

ұлттық кодтың көрініс табуы 18

Абишова Г. У.

Биолог-студенттердің жобалық іс-әрекетін қалыптастыруда

проблемалық тәсілдің функцияларын анықтау 27

Абишева М. Б., Тавстуха О. Г., Кеншінбай Т. Ы.

Білім берудегі үштілділік білім беру мәселелері 37

Абыканова Б. Т., Тоқжігітова Н. Қ.,

Мырзагерейқызы Г., Садырбекова Д. Қ.

Білім берудегі инновациялық үдерістер жүйесінде

педагогтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру 47

Абыкенова Д. Б., Асаинова А. Ж., Сейтбатталова А. С.

Білім берудегі IT-community дамыту арқылы

қашықтықтан оқытудағы педагогтердің әлеуетін арттыру 58

Адилова В. Х., Шаймарданов Р. Х., Франсис Э. О.

Болашақ мамандардың зияткерлік еңбек мәдениетін

қалыптастыру процесінің моделі 66

Адильжанова К. С., Оралканова И. А.

Студенттердегі эмоциялық интеллект

пен субъективті қанағаттың даму деңгейлері 75

Аймаганбетова З. К., Әбдрахманов Е. А., Қалыбаева А. М.

Физиканы оқыту тәжірибесіне жаңартылған

бағдарлама идеясын енгізу 89

Алимова Ш. Ж.

Жоғары педагогикалық білім жүйесінің өзгеру факторлары:

ғаламдық және ұлттық деңгейлері 98

Аубакирова Г. Т., Китанова Ж. К.

Кәсіби кадрларды даярлау саласындағы білім беру процесінің

қазіргі заманғы деңгейіне қойылатын талаптар 107

Ахтаева Н. Х., Исмаилова Г. К., Азимбаева Б. Н.

Интернет-дискурс аясында шет тілін оқыту процесіндегі

компенсаторлық қабілеттерді дамыту 120

Аяған Е. С., Өтебаев И. С., Сабырбай Б. Е., Аналбекова Қ. Т.

Бастауыш сынып оқушыларының психологиялық

ерекшеліктеріне жаңа оқыту технологияларының әсері 132

Гаврилова Е. Н., Сеитова С. М. Математикалық пәндер мазмұнының логикалық құрылымының графы	143
Джақсымбетова А. С., Ибраимова Л. Н. Отбасылық өмірге этномәдени құндылықтар негізінде даярлау ...	154
Дроботун Б. Н., Оспанова Н. Н., Даутова А. З., Алимова Ж. С. Логикалық есептеулердің формалды тілдерін құруда көрнекілік дидактикалық принципін жүзеге асырудың мүмкіндіктері туралы (I)	164
Ельмуратов Г. Ж., Калиева А. Б., Ельмуратова Б. Ж., Кулумбаева М. Ж. Жоғары мектептің оқу процесіндегі белсенді және интерактивті әдістерді қолдану	177
Ерментаева А. Р., Орынғалиева Ш. О. Болашақ педагогтердегі психологиялық құзиреттіліктің критериалды көрсеткіштері	189
Жакишева А. Е., Нурғалиева М. Е. Жоғары білім беру жүйесінің кадрлық әлеуеті: мәні мен маңызы ..	203
Жапанова Р. Н., Кертаева Ф. М., Шаушекова Б. Қ. Білім беру мекемесі жағдайында оқушылардың салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру	213
Жорокпаева М. Д. Тілді меңгертуде жаттығу жұмыстарының маңызы	224
Искакова М. О., Куребаева Г. А., Шаяхметова Г. А. В. Ф. Шаталов әдістемесі арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу қабілетін дамыту	235
Қабенов Д. И., Базар Ж. Е., Ахметов Е. С., Қуанышева Р. С. Педагогикалық бақылау және білім сапасын бағалау аспектілері.	244
Камалов Ю. Н., Курабаева Ф. А., Балташева П. Н. Жаңартылған білім беру мазмұны негізіндегі көркем еңбек пәні ...	251
Карабалаева А. Б., Ибадуллаева С. Ж., Суматохин С. В., Абилова Ш. Б. Педагогикалық бағыт бойынша студенттерді базалық даярлаудың ғылыми-әдістемелік негіздері	260
Каюмова М. С., Ксембаева С. К. Start-up жобаларды жоспарлайтын білім алушылардың зерттеушілік құзыреттерін қалыптастырудың педагогикалық шарттары	268

Клименко Т. К., Сидоренко О. С. Педагогикалық колледж жағдайында цифрлық педагогты даярлау моделін жобалау ерекшеліктері	280
Куанышева Б. Т., Аубакирова Р. Ж. ЖОО-да шетел тілі дайындығы жағдайында студенттердің медиақұзыреттілігін қалыптастыру тәсілдері.....	291
Кудиярбекова Г. К., Искакова А. М., Тахирова А. Х. Ойын оқу процесі ретінде.....	305
Кудышева А. А., Аженов А. А. Мансапты жоспарлау және мансаптық шешімдер қабылдау кезінде студенттердің мақсаттарын бағалау және ынталандыру ..	315
Куребаева Г. А. Болашақ педагог-психологтің тұлғалық қасиеттері кәсіби қызметті жүзеге асыруға дайындығының негізі ретінде	326
Кусайнова М. А., Жуманбаева З. К., Тлеугабылова К. С., Мусабекова А. С. Ежелгі қазақ даласындағы тәлім-тәрбие құндылықтарының рухани мазмұны	337
Қанатұлы Мирас Қазақстанда туризм индустриясының қалыптасуы мен дамуы тарихын оқыту әдістемесі	347
Маратқызы С., Байкенжеева А. Т., Байжанова Б. Қ. Бизнес және білім: кіріктіре оқытудың мүмкіндіктері	358
Минжанов Н. А., Исина С. С., Джабаева Г. Н. Дуалды оқыту: мәні, проблемалары, шетелдік және отандық тәжірибе	367
Мукатаева К. Б. Білім алушылардың академиялық ұтқырлығы жоғары білімді интернационалдандыру факторы ретінде.....	378
Мукашева К. К. Қазақ халқының дәстүрлі өндерінің педагогикалық негіздері.....	389
Муликова С. А., Абдақимов М. К., Кенжебаева С. К. Университеттегі тәжірибеге бағытталған білім беру технологиясы	398
Мұсабекова Г. Т., Жолдасбекова Б. Ә. Дәстүрлі емес сабақтардың кіші мектеп оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпалы.....	411

Мусина Ж. А.

Студенттердің өздік жұмысын ұйымдастырудың қазіргі тенденциялары424

Николаева В. В., Байкенова А. Е.

Мектепке дейінгі жастағы балаларда агрессияның дамуына телебағдарламалардың әсері433

Омарова В. К., Мучкин Д. П., Жумажанова Г. И.

Эмоционалды зияткерлік феномен ретінде және Қазақстан Республикасының білім беруден күтілетін нәтиже.....443

Попандопуло А. С.

Метастратегияны қолдану мәселесіне ЖОО-да оқу процесінде....454

Пшембаева Э. С., Пфейфер Н. Э.

Үздіксіз білім беру тұлғаның мансаптық дамуының басым бағыты мен шарты ретінде.....466

Сағимбаева Ж. Ш., Отарбаева Ж. А., Әбдрахманов Е. А.

CLIL технологиясы.....473

Сарыбекова Қ. Н., Абжапарова М. Т.

Жаңартылған білім мазмұны бойынша математика сабақтарын тиімді ұйымдастыру қағидалары482

Тайболатов Қ. М., Бурдина Е. И.

Педагогикалық іс-әрекеттегі эмоционалдық интеллект495

Темербаева А. Е., Нурғалиева А. К., Темербаева Ж. А.

Болашақ ұстаздарда азаматтық бірегейлікті қалыптастыру.....505

Тлеулесова А. Ш.

Қатысымдық тұрғыдан оқыту әдістемесінің ерекшеліктері514

Ушакова Н. М., Степчук В. В.

Жас педагогтардың дамуына бұқаралық ақпарат құралдарының әсері.....522

Фураева И. И., Сеньковская А. А., Глазырина Н. С.

Студенттерді білімді сыртқы бағалауға дайындау кезінде бағдарламалық құралдарды қолдану.....533

Хаймулдина А. Ю., Мустафина С. С.

Магистранттардың жобалық қызметі мәдениетінің құрылымы545

Шаймерденова А. К., Жуматаева Е.

Студенттерді адами капиталға бағдарлаудың әдіснамалық амалдары.....551

Шакарманова М. П., Тусупбекова Г. Т.

Инклюзивті білім беруді ұйымдастыратын педагогтердің уәждемесін талдау564

Шалабаев С. Қ.

Студенттік өзін-өзі басқару университет жағдайында оқу процесін оңтайландыру факторы ретінде578

Ыбырайым Ә. О., Байдалиев Д. Д.

Әулиеата өңіріндегі оқу-ағарту жүйесінің дамуы589

Эргашова З. Ш., Исабекова Б. Б.

«Робототехникадағы модельдеу негіздері» элективті курсының енгізу арқылы оқушылардың оқу мотивациясының ерекшеліктері.....600

Авторлар туралы ақпарат611

Авторларға арналған ережелер.....646

Жарияланым этикасы.....657

СОДЕРЖАНИЕ

Абдуалиева Ж. Б., Таженова Г. С., Мыханова Ж. Б. Национальный код казахской литературы советской эпохи.....	18
Абишова Г. У. Определение функций проблемного подхода в формировании проектной деятельности студентов-биологов.....	27
Абишева М. Б., Тавстуха О. Г., Кеншинбай Т. И. Проблемы образования при трехязычном обучении	37
Абыканова Б. Т., Токжигитова Н. К., Мырзагерейқызы Г., Садирбекова Д. К. Формирование профессиональной компетентности педагогов в системе инновационных процессов в образовании.....	47
Абыкенова Д. Б., Асаинова А. Ж., Сейтбатталова А. С. Повышение потенциала педагогов в дистанционном обучении через развитие IT-community в образовании	58
Адилова В. Х., Шаймарданов Р. Х., Франсис Э. О. Модель процесса формирования культуры интеллектуального труда будущих специалистов	66
Адильжанова К. С., Оралканова И. А. Уровни развития эмоционального интеллекта и субъективного благополучия студентов.....	75
Аймаганбетова З. К., Әбдрахманов Е. А., Қалыбаева А. М. Внедрение обновленной программной идеи в практику преподавания физики	89
Алимова Ш. Ж. Факторы изменения в системе высшего педагогического образования: глобальный и национальный уровни.....	98
Аубакирова Г. Т., Китанова Ж. К. Требования к современному уровню образовательного процесса в сфере подготовки профессиональных кадров	107
Ахтаева Н. Х., Исмаилова Г. К., Азимбаева Б. Н. Развитие компенсаторных умений в процессе обучения иностранному языку в рамках интернет-дискурса	120
Аяган Е. С., Утебаев И. С., Сабырбай Б. Е., Анальбекова К. Т. Влияние новых технологий обучения на психологические особенности учащихся начальной школы	132

Гаврилова Е. Н., Сеитова С. М. Граф логической структуры содержания математических дисциплин	143
Джаксымбетова А. С., Ибраимова Л. Н. Подготовка к семейной жизни на основе этнокультурных ценностей	154
Дроботун Б. Н., Оспанова Н. Н., Даутова А. З., Алимова Ж. С. О возможностях реализации дидактического принципа наглядности при построении формальных языков логических исчислений (I).....	164
Ельмуратов Г. Ж., Калиева А. Б., Ельмуратова Б. Ж., Кулумбаева М. Ж. Применение активных и интерактивных методов обучения в учебном процессе высшей школы	177
Ерментаева А. Р., Орынғалиева Ш. О. Критериальные показатели психологической компетентности будущих педагогов	189
Жакишева А. Е., Нурғалиева М. Е. Кадровый потенциал системы высшего образования: сущность и значение.....	203
Жапанова Р. Н., Кертаева Ф. М., Шаушекова Б. Қ. Формирование у учащихся навыков здорового образа жизни в условиях образовательного учреждения	213
Жорокпаева М. Д. Роль упражнений в обучении языку.....	224
Искакова М. О., Куребаева Г. А., Шаяхметова Г. А. Развитие речи детей дошкольного возраста посредством методики В. Ф. Шаталова	235
Кабенов Д. И., Базар Ж. Е., Ахметов Е. С., Куанышева Р. С. Аспекты педагогического контроля и оценки качества образования	244
Камалов Ю. Н., Курабаева Ф. А., Балташева П. Н. Художественный труд в рамках обновленного содержания образования	251
Карабалаева А. Б., Ибадуллаева С. Ж., Суматохин С. В., Абилова Ш. Б. Научно-методические основы базовой подготовки студентов педагогического направления.....	260

Каюмова М. С., Ксембаева С. К. Педагогические условия формирования исследовательских компетенций обучающихся, планирующих Start-Up проекты	268
Клименко Т. К., Сидоренко О. С. Особенности проектирования модели подготовки цифрового учителя в условиях педагогического колледжа.....	280
Куанышева Б. Т., Аубакирова Р. Ж. Способы формирования медиакомпетентности студентов в условиях иноязычной подготовки в вузе	291
Кудиярбекова Г. К., Искакова А. М., Тахирова А. Х. Игра как процесс обучения	305
Кудышева А. А., Аженов А. А. Оценивание целей и мотивации студентов при планировании карьеры и принятии карьерных решений	315
Куребаева Г. А. Личностные качества будущего педагога-психолога как основа его готовности к осуществлению профессиональной деятельности	326
Кусайнова М. А., Жуманбаева З. К., Тлеугабылова К. С., Мусабекова А. С. Духовное содержание воспитательных ценностей в Древнем Казахстане	337
Қанатұлы Мирас Методика преподавания истории становления и развития индустрии туризма в Казахстане	347
Мараткызы С., Байкенжеева А. Т., Байжанова Б. К. Бизнес и образование: возможности интегрированного обучения ..	358
Минжанов Н. А., Исина С. С., Джабаева Г. Н. Дуальное обучение: сущность, проблемы, зарубежный и отечественный опыт.....	367
Мукатаева К. Б. Академическая мобильность обучающихся как фактор интернационализации высшего образования	378
Мукашева К. К. Педагогические основы традиционных песен казахского народа ...	389
Муликова С. А., Абдакимова М. К., Кенжебаева С. К. Реализация технологии практико-ориентированного обучения в университете.....	398

Мусабекова Г. Т., Жолдасбекова Б. А. Влияние нетрадиционных уроков на развитие творческих способностей младших школьников	411
Мусина Ж. А. Современные тенденции организации самостоятельной работы студентов	424
Николаева В. В., Байкенова А. Е. Влияние телепередач на развитие агрессии у детей дошкольного возраста	433
Омарова В. К., Мучкин Д. П., Жумажанова Г. И. Эмоциональный интеллект как феномен и ожидаемый результат образования в Республике Казахстан	443
Попандопуло А. С. К вопросу использования метастратегий в процессе обучения в вузе.....	454
Пшембаева Э. С., Пфейфер Н. Э. Непрерывное образование как приоритетное направление и условие успешности карьерного развития личности	466
Сагимбаева Ж. Ш., Отарбаева Ж. А., Абдрахманов Е. А. Технология CLIL.....	473
Сарыбекова К. Н., Абжапарова М. Т. Принципы эффективной организации уроков математики по обновленному содержанию образования	482
Тайболатов К. М., Бурдина Е. И. Эмоциональный интеллект в педагогической деятельности.....	495
Темербаева А. Е., Нурғалиева А. К., Темербаева Ж. А. Формирование гражданской идентичности будущих педагогов.....	505
Тлеулесова А. Ш. Особенности методики обучения с коммуникативной точки зрения	514
Ушакова Н. М., Степчук В. В. Влияние средств массовой информации на развитие молодых педагогов.....	522
Фураева И. И., Сеньковская А. А., Глазырина Н. С. Применение программных средств при подготовке студентов к внешней оценке знаний	533
Хаймулдина А. Ю., Мустафина С. С. Структура культуры проектной деятельности магистрантов	545
Шаймерденова А. К., Жуматаева Е. Методологические практики организации студентов в человеческий капитал	551

Шакарманова М. П., Тусупбекова Г. Т. Анализ мотивации педагогов организующих инклюзивное образование	564
Шалабаев С. К. Студенческое самоуправление как фактор оптимизации учебного процесса в условиях университета	578
Ыбырайым А. О., Байдалиев Д. Д. Развитие образовательной системы в регионе Аулиеата.....	589
Эргашова З. Ш., Исабекова Б. Б. Особенности учебной мотивации учащихся посредством внедрения элективного курса «Основы моделирования в робототехнике»	600
Сведения о авторах.....	623
Правила для авторов	646
Публикационная этика	657

CONTENT

Abdualieva Zh. B., Tazhenova G. S., Mykhanova Zh. B. National code of Kazakh literature of the Soviet epoch.....	18
Abishova G. U. Defining the functions of the problem approach in the formation project activities of biology students	27
Abisheva M. B., Tavstukha O. G., Kenshinbay T. I. Problems of trilingualism in education	37
Abykanova B. T., Tokzhigitova N. K., Myrzagereikyzy G., Sadirbekova D. K. The formation of professional competence of teachers in the system of innovative processes in education	47
Abykenova D., Assainova A., Seitbattalova A. Increasing the potential of teachers in distance learning through the development of the IT-community in education	58
Adilova V. Kh., Shaimardanov R. Kh., Francis E. O. The model of the process of formation of intellectual labor culture in future specialists	66
Adilzhanova K. S., Oralkanova I. A. Levels of development of emotional intelligence and subjective well-being of students.....	75
Aimaganbetova Z., Abdrakhmanov A., Kalibaeva A. Introduction of renewed program idea to the physics teaching practice	89
Alimova Sh. Zh. Modification factors in the system of higher pedagogical education: global and national levels	98
Aubakirova G. T., Kitanova Zh. K. Requirements to the modern level of the educational process in the field of professional training.....	107
Akhtayeva N. H., Ismailova G. K., Azimbaeva B. N. Development of compensatory skills in the process of learning a foreign language within the framework of internet discourse	120
Ayagan E. S., Utebayev I. S., Sabyrbay B. E., Analbekova K. T. The effect of new educational technologies on the psychological features of primary school students.....	132

Gavrilova Ye., Seitova S. Graph of the logical structure of the content of mathematical disciplines.....	143
Dzhaksymbetova A. S., Ibraimova L. N. Preparation for family life on the basis of ethnic and cultural values...	154
Drobotun B. N., Ospanova N. N., Dautova A. Z., Alimova Zh. S. About possibilities of implementing a didactic principle of visibility in construction of formal languages of logic calculations (I)	164
Yelmuratov G. Zh., Kaliyeva A. B., Yelmuratova B. Zh., Kulumbaeva M. Zh. Application of active and interactive teaching methods in the educational process of higher school	177
Yermentayeva A. R., Oryngaliyeva Sh. O. Criteria indicators of psychological competence of future teachers	189
Zhakisheva A. E., Nurgaliyeva M. E. Human resources potential of the higher education system: essence and significance	203
Zhapanova R. N., Kertaeva G. M., Shaushekova B. K. Formation of students skills of a healthy lifestyle in an educational institution	213
Zhorokpaeva M. D. The role of exercises in language learning.....	224
Iskakova M. O., Kurebayeva G. A., Shayakhmetova G. A. Language development of preschool children by means of V. F. Shatalov's method	235
Kabenov D. I., Bazar Zh. E., Akhmetov Y. S., Kuanysheva R. S. Aspects of pedagogical control and evaluation of the quality of education.....	244
Kamalov Y., Kurabaeva F., Baltasheva P. Artistic work within the framework of the updated eaucetional content	251
Karabalaeva A. B., Ibadullaeva S. Zh., Sumatohin S. V., Abilova Sh. B. Scientific and methodological foundations of basic training of students of the pedagogical direction.....	260
Kayumova M. S., Xembayeva S. K. Pedagogical conditions for the formation of research competencies of students planning Start-up projects.....	268

Klimenko T. K., Sidorenko O. S. Designing a digital teacher training model in pedagogical college	280
Kuanysheva B. T., Aubakirova R. Zh. Methods for forming media competence of students in the conditions of foreign language training at the university.....	291
Kudiyarbekova G. K., Iskakova A. M., Takirova A. K. A game as teaching process	305
Kudysheva A. A., Azhenov A. A. Assessing students' aims and motivation in career planning and career making decisions	315
Kurebayeva G. A. Personal qualities of future educational psychologists as the basis of their readiness for professional activity	326
Kusainova M. A., Zhumanbaeva Z. K., Tleugabylova K. S., Musabekova A. S. The spiritual content of the educational values of ancient Kazakhstan	337
Kanatuly Miras Methods of teaching the history of the formation and development of the tourism industry in Kazakhstan	347
Maratkyzy S., Baikenzheyeva A. T., Baizhanova B. K. Business and education: opportunities for training.....	358
Minzhanov N. A., Isina S. S., Dzhabaeva G. N. Dual training: essence, problems, foreign and domestic experience ..	367
Mukatayeva K. B. Students' academic mobility as a factor of the internationalisation of higher education	378
Mukasheva K. K. Pedagogical bases of traditional songs of the Kazakh people	389
Mulikova S. A., Abdakimova M. K., Kenzhebaeva S. K. Technology of practice-oriented education at the university.....	398
Mussabekova G. T., Zholdasbekova B. A. Effects of non-traditional lessons for the development of creative abilities of primary school pupils	411
Musina Zh. A. Modern trends of the organization of the independent work of students.....	424

Nikolaeva V. V., Baikenova A. E. Influence of tv shows on the development of aggression on preschool children.....	433
Omarova V. K., Muchkin D. P., Zhumazhanova G. I. Emotional intelligence as a phenomenon and expected result of education in the Republic of Kazakhstan	443
Popandopulo A. S. On the use of metastrategies in the process of studying at the university	454
Pshembayeva E. S., Pfeifer N. E. Lifelong learning as a priority area and a condition for successful personal career development.....	466
Sagimbaeva Zh. Sh., Otarbayeva A. Zh., Abdrakhmanov E. A. CLIL technology.....	473
Sarybekova K. N., Abzhaparova M. T. Principles of effective organization of mathematics lessons based on the updated content of education	482
Taibolatov K. M., Burdina Y. I. Emotional intelligence in teaching activities	495
Temerbayeva A. E., Nurgaliyeva A. K., Temerbayeva Zh. A. Formation of civil identity of future teachers	505
Tleulessova A. Sh. Features of teaching methods from a communicative point of view....	514
Ushakova N. M., Stepchuk V. V. Influence of mass media on the development of young teachers	522
Furayeva I. I., Senkovskaya A. A., Glazyrina N. S. Application of software in preparing students for external knowledge assessment	533
Khaimuldina A. Y., Mustafina S. S. Structure of the culture of project activity of undergraduates	545
Shaimerdenova A. K., Zhumatayeva E. Methodological practices of organization of students in human capital.....	551
Shakarmanova M. P., Tusupbekova G. T. Analysis of motivation of teachers organizing inclusive education	564
Shalabayev S. Student self-government as a factor of optimization of the educational process in the university environment.....	578

Ibraiyim A. O., Baidaliev D. D. Development of the educational system in the region of Aulieata	589
Ergasheva Z. S., Issabekova B. B. The peculiarities of learning motivation of students through the introduction of elective course «Basics of simulation in robotics»	600
Information about the authors.....	635
Rules for authors	646
Publication ethics.....	657

<https://doi.org/10.48081/QVYZ9205>

Ж. Б. Абдуалиева¹, Г. С. Таженова², Ж. Б. Мыханова³

^{1,3}М. Х. Дулати атындағы Тараз Өңірлік университеті,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.;

²Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

КЕҢЕСТІК ДӘУІР КЕЗЕҢІ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ КОДТЫҢ КӨРІНІС ТАБУЫ

Мақалада кеңестік дәуірдегі қазақ жазушыларының шығармашылығы талданып, сол шығармалардағы ұлттық кодтың көрініс табуы жан-жақты ашылады. Қазақ халқының ұлттық болмысы гасырлар бойы қалыптасып, бекем орныққан, сондықтан да ол қазақ рухын небір күйзелістерден аман алып келе жатқан айрықша қасиетке ие. Халқымыздың сол қасиетін танытатын формула күллі материалдық байлықтан адами құндылықты биік қоятындығымен ерекшеленеді. Қай заманда болмасын халықтың тілімен, салт-дәстүрімен терең тамырласып жатқан әдебиеттің алар орны ерекше. Әдебиет – халықпен бірге өмір сүреді, әдебиет арқылы халықтың бет-бейнесін, таным-түсінігін аңғара аламыз. Әдебиет – қоғамға кесепаттарды алдын-ала ескертеді. Сол арқылы бүтін бір халықты тәрбиелеу мүмкіндігіне ие. Арнасы кең, мәуелі қазақ әдебиеті – ұлттық болмысты боямасыз суреттеуден танған емес. Әсіресе, кеңестік жүйенің қатаң қыспағында болса да қазақ әдебиетінің дарабоздары дара шеберліктерін дәлелдеп, «ұлттық код» арқылы өз ойларын кейінгі ұрпаққа жеткізуге тырысты. Кеңестік жүйенің талаптарына қарамастан, ұлттық бейнемізді өз шығармаларының арқауына айналдырған бірнеше шығармалардан нақтылы айғақтарды алдыға тартып, аталған мәселелер, көптеген шығармалардан үзінділер келтіріліп, мысал ретінде қарастырылады. Сонымен бірге, ол шығармалардың өміршеңдігі тілге тиек етіліп, қазіргі оқырманға берері туралы сөз етіледі.

Кілтті сөздер: ұлттық болмыс, ұлттық код, қазақ әдебиеті, қазақ жазушылары, цензура, кеңестік жүйе.

Кіріспе

Қай заманда болмасын халықтың тілімен, салт-дәстүрімен терең тамырласып жатқан әдебиеттің алар орны ерекше. Себебі, әдебиет – халықпен бірге өмір сүреді, әдебиет арқылы халықтың бет-бейнесін, таным-түсінігін аңғара аламыз. Әдебиет – қоғамға кесепаттарды алдын-ала ескертеді. Сол арқылы бүтін бір халықты тәрбиелеу мүмкіндігіне ие.

Арнасы кең, мәуелі қазақ әдебиеті – ұлттық болмысты боямасыз суреттеуден танған емес. Әсіресе, кеңестік жүйенің қатаң қыспағында болса да қазақ әдебиетінің дарабоздары дара шеберліктерін дәлелдеп, «ұлттық код» арқылы өз ойларын кейінгі ұрпаққа жеткізуге тырысты. Нақтырақ айтқанда, біз алдыға тартқалы отырған тақырып пен белгілі абайтанушы Мекемтас Мырзахметұлының мына пікірінде сабақтастық жатыр. «Саяси қысымы күшті елде символикалық тәсілдер мейлінше дамиды. Әдебиеттегі астарлап айту, ишарамен жеткізу дегендердің бәрі де автордың еркінен тыс әлеуметтік саяси себептерге тәуелді. Ондай тәсілдер ақынның не жазушының шеберлігіне байланысты көркемдік бағыт деңгейіне дейін көтеріледі. Бұған келісетін болсақ, бір дәуірдің әдебиеті болсын, жеке автордың шығармасы болсын ондағы көркемдік шешімнің бәрі де нақты саяси әлеуметтік тарихи себептерге байланысты болады. Мысалы, Оралхан Бөкеевтің шығармалары түгелдей торығумен, адасумен, трагедиямен аяқталады. Себебі, кеңестер одағы тұсында торықпаған, адаспаған, тірлігі трагедиямен аяқталмаған қазақ болмаған. Болғандарының өзі сол тығырыққа сөзсіз тірелетін жолда еді. Жазушы осыны өз шығармаларымен көркемдік шешімдеріне негіз етіп алады» [1, 499].

Зерттеудің нысаны: қазақ әдебиетіндегі жазушыларының шығармашылығы

Зерттеудің пәні: қазақ әдебиетіндегі ұлттық кодтың көрініс табуы

Мақсат-міндеттері: еліміздің біртұтас ұлт болуын мақсат етіп, соған барар жолдағы ұлттың рухани болмысының мәні қалай болуы керек, нені негізге алып, қандай базалық құндылықтарды сақтауымыз қажет, ертеңгі ұрпаққа табыстар мұрамыздың сипаты қандай болуы керек, бүгінгі жастар мұраты қандай, батысқа еліктеу Еліміздің болашақ межесіне үлгі бола ала ма деген бүгінде қазақ қоғамын іштей толғандырып жүрген басты мәселелердің шешімі мен оның бағдары мемлекет тарапынан басым назар аударылуы қажет.

Зерттеудің әдістері мен нәтижесі

Шындығында, кеңестік дәуірде әдебиетке қатаң қарады. Нәтижесінде қазақ халқының ұлттық артықшылығын шынайы әрі ашық жазу мүмкін болмағандықтан Мұхтар Әуезов, Жүсіпбек Аймауытов, Бейімбет Майлин,

Мағжан Жұмабаев т.с.с халық жанашырлары өздерінің қаламынан тамған әр ойдың астарына қазаққа тән болмыс пен бет-бейнені жасырып кетті. Оны теңіз түбіндегі маржандай тереңінен қазып, зерттеу әрі ұғыну – біздің міндет! Сөзіміздің дәлелі ретінде кенестік жүйенің талаптарына қарамастан, ұлттық бейнемізді өз шығармаларының арқауына айналдырған бірнеше шығармалардан нақтылы айғақтарды алдыға тарта аламыз. Мәселен, Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақбілек» романында Мұқаштың «Желден жаралған желге мінеді, адамға желік бітеді екен: жылқы бақтым – күлкі бақтым. Алыс-жақын, қатер – ойыншық болды. Жылқы бақтым – кісі болдым», - деген сөздерінің өзінде біраз астарлы ой жатыр [2, 83]. Нақтырақ айтқанда, қазақ халқы – сәйгүлікті баптаған, қиындықтан қашпаған батыр халық. Жылқыны төрт түліктің ең асылы деп қарап, жылқыға тән қайсар әрі асау мінезді табиғи болмысына үйлестіре білген дана халық. Сондай-ақ, еліміздің солтүстік өңіріндегі энеолит дәуіріне тиесілі «Ботай» қонысында жүргізілген қазба жұмыстары жылқының тұңғыш рет қазіргі Қазақстан аумағында қолға үйретілгенін дәлелдеді. Жылқыны қолға үйрету арқылы біздің бабаларымыз өз дәуірінде адам айтқысыз үстемдікке ие болды. Бұл туралы тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында да айтылған [3]. Халқымыздың рухани құндылықтарының құнтты қадірін еселей түсетін атқа міну мәдениеті әлі күнге дейін маңыздылығын жоғалтпағандығын айқындайды. Жазушы өз шығармасында дәл осы ұлтымызға тән қасиетті жоғалтып алмау қажеттігімізді кодтау арқылы қалың оқырманға өз ойынан хабар берген. Сонымен қатар, жазушы бір ғана астарлы оймен шектеліп қалмаған. Мысалы, «Ақбілек» романындағы мына үзіндіге көз жүгіртіп көрелікші: «...Торғай қалың шөпке түсті де, қалбаландап, далбаландап, шөпке таман айналандап, шыр-шыр етіп безек қағып, олай-бұлай шоршиды. Бұл байғұсқа не болды деп жетіп келсе қасына қалың шөпте жатыр екен білектей бір сұр жылан. Сұр жыланның найза басы қақшиған, бейне ажал, алмас көзі бозторғайға шұқшиған, айыр тілін жалаң-жалаң еткізіп, ысқырғанда, өңменіңнен өткізіп, арбап, буып, уытын жиып, торғай сорды топылдатып, қылқ еткелі тұр екен...» [4]. Жүсіпбек Аймауытов дәл осы оқиға арқылы халықтың жай күйінен хабар береді деген ойдамыз. Яғни, үрей қамалына тұтқын болған, шырылдаған торғайдың бейнесі арқылы қазақ халқының қорқыныштың ауылынан алыстай алмағандығын айтқысы келсе, торғайды сұр жыланнан арашалап қалатын Ақбілектің сол кездегі іс-әрекеті арқылы халқымыздың еркіндікке ұмтылған қайсарлығын боямасыз суреттей білген. Шығарманы жан-дүниесімен тұшынып оқыған оқырманның дәл осы іспеттес астарлы ой мен ұлттық кодты аңғармауы мүмкін емес. Бұл да бір жазушының шеберлігі

әрі ерлігі деуге болады. Себебі, жүрегінде ерлігі жоқ адамның махаббаты тұрақсыз да баянсыз. Онсыз дүние бос. Ал кеңес дәуіріндегі әр жазушының ұлтына деген махаббаты олардың жүректеріне ерлік сезімін ұялата білді. Олардың ерлігі қаламдарынан аққан сиядан қылаң беріп отырды.

«Қоғам дамуындағы алдыңғы қатарлы ой сана әдеби шығармашылық еңбектерде көрініс табады десек, қазақ зиялыларының көпшілігі өздерінің шұрайлы ойларына қаламгерлікті серік етті... Олар замана рухына сай дүниелері арқылы өз ұлтына бағыт бағдар сілтеді, дамудың даңғыл жолын көрсетуге тырысты» [5, 8].

Түпкі мақсаты ұлт мүддесін көздегендіктен кеңес дәуіріндегі әдебиет өкілдері Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев, Мұхтар Әуезов сынды кесек тұлға, кенен дарындардың шығармалары әлі күнге дейін өміршен. Жоғарыда мысалға алған «Ақбілек» романын, «Күнікейдің жазығы» атты повесті, Мағжан Жұмабаевтың «Шолпанның күнәсі», Бейімбет Майлиннің «Шұғаның белгісі» атты шығармаларының барлығы бір қарағанда сол замандағы қазақ әйелінің жай күйінен хабар беретін секілді көрінуі мүмкін. Дейтұрғанмен, біздің сұңғыла жазушыларымыз әйел арқылы бүтін бір ұлттың мүддесін қозғағаны күмәнсіз.

Мәселен, Мағжан Жұмабаев «Шолпанның күнәсін» жазу арқылы батыстық сананы көрсеткісі келген деп айтуға толық негіз бар. Өйткені шығарма мазмұнына сәйкес Шолпанның өу баста бала берме деп тілеуі біздің ұлтымыздың таным түйсігіне жат нәрсе. «Мал орнына сатылып, жаны сүймеген жанға жар болатын қазақтың сансыз қыздарының ішінен әлдеқайда өзінің сүйгеніне тиген Шолпан шынында бастапқы жылы бала керек қылмады. Ақ отаудың ішінде оңаша жатса да, яки күйеуін құшақтап жатса да, ол ылғи ішінен: «Жасаған-ау, бала бере көрме?!» – деп тілейтін еді» [6]. Бәрімізге мәлім қазақ халқы ықылым замандардан бері «Бала бауыр етің», «Балалы үй базар, баласыз үй қу мазар» деген аталы сөздерімен ақ баланың отбасындағы рөлін ерекше айқындай білген. Бодандықтың бұғауындағы халқына өз шығармалары арқылы ұлттық таным-түйсікті насихаттаудан әсте шаршамаған жазушы қайраткерлеріміздің бірі Мағжан Жұмабаев та өзінің шығармаларында ұлттық кодтың осылайша көрініс табуына шын білек сыбана кіріскенін байқауға болады. Аталмыш шығармасының шешімі бола білетін төмендегі үзінді сол қазақы қалыпты сипаттауға негізделген түпкі ойдың негізі іспеттес. «Тістенген қатын күбірлей-күбірлей екінші шелек суды құйып жіберді. Шолпан болар-болмас: «Алла...» деді...» [6, 1]. Тәубесіне келген кейпкер арқылы жазушы халықты жат санадан сақтануға шақырғандай. Оған дәлел Мағжанның бір ғана шығармасы емес, оны ақынның «Пайғамбар» атты өлеңінен де байқай аламыз:

«Күнбатыста қараңғылық қаптаған,
Күні батып, жаңа таңы атпаған.
Түнеріп жүр түннен туған перілер,
Тәңірісін табанына таптаған.
Күнбатысты қараңғылық қаптаған,
Көгінде жоқ жалғыз жұлдыз батпаған
Түн баласы тәңірісін өлтіріп,
Табынатын басқа тәңірі таптаған» [7].

Мағжанның отты жырлары болсын, мән-маңызға ие шығармасы болсын осылайша ұлттық болмыстың қазақы қаймағын бұзбауды өсиет етеді. «Күнбатыс» деген сөзді Еуропаға балама түрде алу арқылы да ұлттық кодтың белгісін байқатады.

Мағжанның кейін сөзіміздің басын Ғабит Мүсіреповтің «Оянған өлке» атты көлемді шығармасына бұсақ та, ұлттық кодқа негізделген үлкен ой толғанысына тап боламыз. Мәселен, шығармадағы мына үзінді кеңестік жүйенің құрсауына енген халқымыздың хандық жүйесі әлсірегендігін, әу баста ұлт болып іргетасымыздың қалануына негізделген жүйеміздің жұтылғандығының себебінен болған нәтижені меңзейді: «Игілік «төре тұқымы емеспіз» дегенде, жіңішке ұзын саусақтарын сәнмен сыртылдатып отырған Жұмабек төре бір қозғалып қойып еді. Мұнысы осында отырған төре тұқымы өзі ғана екенін сезіне қалғандығы ма, әлде төре тұқымының паңдығын әлдеқашан астына басып алып, Жұмабектің өзін атқосшы қылып алған қалталы байдың сөзі шаншудай тиді ме, әйтеуір салалы саусақтар сылаумен өскен қара мұртына қарай барды да, сипай алмай, кейін қайтты. Жауап бар да, айтуға аузы барар емес» [8]. Дәл осы шығармасы арқылы аналар тақырыбында қалам тартқан Ғабит Мүсірепов ұлттық бітімміздің майысып, бодандық салдарынан басқа арнаға ауысып бара жатқандығын алдыға тартады.

«Тарлан көктің жүрісі қатандығын айтқаны – ақынға жорға мінгіз дегені ғой деп, Игіліктің үлкен баласы Ордабай да ішіне түйіп қойды. Кәрі ақын да осыны дәмеленіп қалды» [9]. Сондай-ақ, дәл осы үзінді арқылы сол дәуірдегі кейбір ақындардың болмысын суреттеуге тырысқан. Дәл осы деталь хакім Абайдың:

Ескі бише отырман бос мақалдап,

Ескі ақынша мал үшін тұрман зарлап, – деген сынына тұспа-тұс келеді.

Ұлттық код арқылы өзінің астарлы ойы арқылы жеткізуге күш салған жазушылардың бірі – Әбдәжамал Нұрпейісов. Оның «Қан мен тер» атты трилогиясындағы бір ғана үзіндісін мысалға келтірсек: «Аяғындағы ауыр кісен шылдырлап, тұсаулы аттай, кібіртіктеп қозғалып келе жатыр еді, дәл

өсіктен шығар жерде, түндегі жас қыз жүгіріп кеп, толы жұрттың көзінше қоламтадан алған ыстық күлшені Еламанның қойнына тықты...

Шамалыдан кейін Еламан жаурады. Шетсіз-шексіз далада, сарылған ұзақ жол үстінде дір-дір етіп келе жатса да, бағана аттанар алдында жас қыз қойнына тыққан ыстық күлше суымай, жүрегін шоқтай қарып тұрғандай сезеді» [10]. Шығарманың басты кейіпкері - Еламанға Айғаншаның берген күлше наны тек бір ғана қыздың мейірімін емес, бүкіл қазақ халқының мейірімін суреттеп тұр. Аумалы-төкпелі заманда да халқымыздың мейірімнен алшақта болмайтындығы Алатаудай шығарманың алақандай бөлігіне сыйып кеткен.

Қорытынды

Халқымыздың рухани биіктігінің айнасы – әдебиет. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев айтқандай «...дүниеге тәуелсіздік көзімен қарайтын әдебиет керек». Сол әдебиеттің позициясын тойтарысты кезеңде де тәуелсіз оймен қарап құлатпаған кеңес кезеңіндегі қазақ әдебиетінің өкілдері бізге өздерінің ішкі ойы және заманның бедеріндегі ұлттық құндылықтарымызды ұлттық код негізінде аманаттады. Оны тереңіне бойлай түсініп, жадымызда сақтау біздің тікелей міндетіміз болып қала бермек.

Пайдаланған деректер тізімі

1 **Нұрахметұлы, И.** «М. Мырзахметұлы және қазақ әдебиеті тарихын тану проблемасы». – Астана : Деловой Мир, 2010. – 499 б.

2 **Аймауытов, Ж.** Ақбілек. – Алматы : Атамұра, 2003. – 280 б.

3 **Назарбаев, Н. Ә.** Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті : ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЖЕТІ ҚЫРЫ. [Электронды ресурс]. – www.khabar.kzakorda.kz сайты.

4 **Сағынбекұлы, Р.** Жүсіпбек : Жүсіпбек Аймауытұлының өмірі мен қаламгерлік қызметі / Сағынбекұлы Р. – Алматы : Санат, 1997. – 224 б.

5 «Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы» 2-кітап : Оқу құралы / Жалпы редакцияны басқарған Т. Кәкішұлы. – Алматы : Қазақ университеті, 2002. – 455 б.

6 **Жұмабаев, М. Ж.** Шығармалары. – Алматы : Жазушы, 1989. – 448 б.

7 **Жұмабаев, М.** Өлеңдері, прозасы және әдеби зерттеулер / Құрастырған Ж. Сүлейменов. – Петропавл, 2006. – 428 б.

8 **Мүсірепов, Ғ.** «Оянған өлке». – «Жазушы» баспасы 1974.

9 **Мүсірепов, Ғ.** Таңдамалы [Текст] 3 томдық / Ғ. Мүсірепов. – Алматы : Жазушы, 1980.

10 Нұрпейісов, Ә. Қан мен тер: Трилогия. – Алматы : Жазушы, 1991. – 624 б.

References

- 1 Nurahmetuly, I. «M. Myrzahmetuly jáne qazaq ádebieti tarihn taný problemasy» [«M. Myrzahmetuly and the problem of cognition of the history of Kazakh literature»]. – Astana : Delovoy Mir, 2010. – 499 p.
- 2 Аймаұытов, Ж. Ақбилек. – Алматы : Atamura publ., 2003. – 280 p.
- 3 Nazarbaev, N. A. Qazaqstan Respýblikasynyn Tuńgysh Prezidenti : ULY DALANYŇ JETI QYRY. [Electronic resource]. – www.khabar.kzakorda.kz website.
- 4 Saǵynbekuly, R. Júsipbek : Júsipbek Aймаұytulynyń ómiri men qalamgerlik qyzmeti Ed. Saǵynbekuly R. – Алматы : Sanat, 1997. – 224 p.
- 5 «Qazaq ádebietiniń qysqasha tarihy» 2-kitap : Oqý quraly. Jalpy redaksiyany basqarǵan T. Kákishuly. – Алматы : Kazakh University, 2002. – 455 p.
- 6 Jumabaev, M. J. Shyǵarmalary. – Алматы : Zhazushy, 1989. – 448 p.
- 7 Jumabaev, M. Óleńderi, prozasy jáne ádebi zertteýler. Qurastyrǵan J. Súleimenov. – Petropavl, 2006. – 428 p.
- 8 Músirepov, Ğ. «Oıańǵan ólke». – «Jazyshy» baspasy, 1974.
- 9 Músirepov, Ğ. Tańdamaly [Text] 3 tomdyq. Ed. Ğ. Músirepov. – Алматы : Writer, 1980.
- 10 Nurpeisov, Á. Qan men ter : Trilogia. – Алматы : Zazushy, 1991. – 624 p.

Материал 15.12.20 баспаға түсті.

Ж. Б. Абдуалиева¹, Г. С. Таженова², Ж. Б. Мыханова³

Национальный код казахской литературы советской эпохи

^{1,3}Таразский региональный университет имени М. Х. Дулати,
Республика Казахстан, г. Тараз;

²Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
Республика Казахстан, г. Алматы.

Материал потупил в редакцию 15.12.20.

Zh. B. Abdualieva¹, G. S. Tazhenova², Zh. B. Mykhanova³

National code of Kazakh literature of the Soviet epoch

^{1,3}Taraz Regional University named after M. H. Dulati,
Republic of Kazakhstan, Taraz,

²Abay Kazakh National Pedagogical University,
Republic of Kazakhstan, Almaty.

Material received on 15.12.20.

В статье анализируется творчество казахских писателей советской эпохи, раскрывается национальный код в этих произведениях. Национальная идентичность казахского народа формировалась на протяжении веков и прочно закрепились, поэтому она обладает отличительным свойством, способным пережить потрясения казахского духа. Формула, отражающая эти качества нашего народа, отличается от всего материального достатка тем, что ставит выше человеческую ценность. Во все времена литература глубоко укоренилась в языке, традициях и обычаях народа. Литература-живет вместе с народом, через литературу мы можем понять и понять лицо народа. Литература-предчувствие беды обществу. Тем самым он имеет возможность воспитать целый народ. Канал широкий, мауелі литературы – не деятель, помимо описания национальной идентичности в бессознательном состоянии. Особенно, несмотря на жесткое давление советской системы, дарабозы казахской литературы доказывали свое мастерство и через «национальный код» пытались донести свои мысли до последующих поколений. Несмотря на требования советского строя, в нескольких произведениях, ставших основой нашего национального образа, приводятся конкретные свидетельства, приводятся выдержки из многих произведений, рассматриваются в качестве примеров. Вместе с тем, он говорит о жизнеспособности произведений, о том, что они дают современному читателю. Ключевые слова: национальная идентичность, национальный код, казахская литература, казахские писатели, цензура, советская система.

The article analyzes the creativity of Kazakh writers of the Soviet era, reveals the national code in these works. The national identity of the Kazakh people has been formed over the centuries and is firmly established, so it has a distinctive property that can survive the upheavals of the Kazakh spirit. The formula that reflects these qualities of our people differs from all material prosperity in that it puts human value above it. At all times, literature is deeply rooted in the language, traditions and customs of the people. Literature lives together with the people, through literature we can understand the face of the people. Literature is a premonition of trouble to society. Thus, he has the opportunity to educate an entire nation. The channel is wide, literature – not figure, in addition to the description of national identity in an unconscious state. Especially, despite the harsh

pressure of the Soviet system, the darabozas of Kazakh literature proved their skills and tried to convey their thoughts to subsequent generations through the «national code». Despite the demands of the Soviet system, several works that have become the basis of our national image provide concrete evidence, excerpts from many works, and are considered as examples. At the same time, he speaks about the viability of works, what they give to the modern reader.

Keywords: National code, national identity, Kazakh literature, Kazakh writers, censorship, soviet system.

FTAMP 14.35.07:14.01.45

<https://doi.org/10.48081/MAGQ7491>

Г. У. Абишова

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Қазақстан Республикасы, Түркістан қ.

БИОЛОГ-СТУДЕНТТЕРДІҢ ЖОБАЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ПРОБЛЕМАЛЫҚ ТӘСІЛДІҢ ФУНКЦИЯЛАРЫН АНЫҚТАУ

Бұл мақалада биолог-студенттердің жобалық іс-әрекетке дайындығын қалыптастыру процесі қарастырылады. Университетте биология пәнінің мұғалімінің кәсіби дайындығының негізі болып студенттерді оқу биологиялық материалын меңгеруге ықпал ететін әдістемелік дайындық болып саналатыны белгілі. Зерттеу барысында біз проблемалық оқытуды жүзеге асыруда жобалар әдісінің тиімділігін көрсеттік, өйткені проблемалық оқыту мен жоба әдісінің негізінде мәселенің пайда болуы мен қалыптасуы жатады. Айта кету керек, тақырып пен жобалық тапсырмалар жоба әдісін жүзеге асыруда жетекші рөл атқарады, өйткені оларда проблема туындайды, дәл солардың негізінде білім алушының одан әрі жобалық іс-әрекеті жанданады. Осыған байланысты біз жобалық әдісін жүзеге асыру Генетикадан оңтайлы жобалар тақырыптарын ұсындық. Сонымен қатар, кейбір тақырыптар болашақ кәсіби әрекетінің бағытына сәйкес етіп алынды, яғни бір жағынан, студент білім алушы ретінде пән бойынша оқу тақырыбын игере алатындай, екінші жағынан болашақ мұғалім ретінде әдістемелік мәселені қойып, шеше алатындай етіп таңдалды.

Кілтті сөздер: жоба, жобалық іс-әрекет, жобалар әдісі, жобалық оқыту, зерттеу.

Кіріспе

Қазіргі таңда жалпы орта білім берудің отандық жүйесі («Назарбаев Зияткерлік мектептерінің» (НЗМ) тәжірибесін ескере отырып) орта білім берудің жаңартылған мазмұнына көшуді бастады. Жалпы орта білім берудің жаңартылған мазмұнына тән ерекшеліктердің бірі жеке тұлғаға бағдарланған және күзіндеттілік тәсілдер шеңберінде оқытуды ұйымдастыру

болып табылады. НЗМ-де білім беру үдерісін ұйымдастырудың негізгі қағидаларының бірі – оқушылардың жобалау, ғылыми-зерттеу іс-әрекеттерін дамытуда бірізділікті қамтамасыз ету. Оқушылардың жобалау және ғылыми зерттеуге қабілеттерін мақсатты түрде дамыту өзіндік іс-әрекетке белсендіреді, зияткерлік әлеуетін ашады, өздерінің өмірлік мақсаттарын қоюға және оған жетудің сауатты әдісін құруға итермелейді. Міндетті жобалық жұмысты енгізу оқушылардың зерттеу дағдыларын, ынтымақтастық дағдыларын, презентациялау мен сыни ойлауын дамытады [1].

Қазақстан Республикасының экс-елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Әлеуметтік-экономикалық жаңғыру – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында Зияткерлік мектептердің тәжірибесі мен халықаралық стандарттарын қазақстандық орта білім берудің барлық жүйесіне таратуды тапсырды [2]. Сондықтан 2019 жылы НЗМ-нің озық тәжірибесін еліміздің барлық жалпы білім беретін мектептеріне енгізу жоспарланды. Осыған байланысты біздің зерттеуіміздің проблемасы өте өзекті, ал осы проблеманы шешу нәтижелері университеттерде жобалық компетенциясы қалыптасқан болашақ биолог-мұғалімдерді даярлау тәжірибесінде сұранысқа ие.

Зерттеу мақсаты: биологиялық пәндерді оқыту үдерісінде білімгерлердің жобалық іс-әрекетке дайындығын қалыптастыруда проблемалық тәсілді қолдану.

Зерттеу нысаны: білімгерлердің жобалық іс-әрекетке дайындығын қалыптастыру үдерісі.

Зерттеу пәні: биологиялық пәндерді оқыту үдерісінде білімгерлердің жобалық іс-әрекетке дайындығын қалыптастыру.

Зерттеудің міндеттері: білімгерлердің жобалық іс-әрекетін қалыптастыруда оқу пәндерінің мазмұнын ұсыну үшін проблемалық тәсілдің функцияларын анықтау.

Зерттеу әдістері: мақсатқа сәйкес келесі әдістер қолданылды: зерттеу мәселесі бойынша психологиялық, педагогикалық, әдістемелік әдебиеттерді зерттеу және талдау, білім беру бағдарламаларына талдау жасау.

Зерттеу нәтижесі

Проблемалық жағдайды талдау нәтижесінде проблема қалыптасады, бұл жобалар әдісі мен проблемалық оқытудың негізі болып табылады. Осындай тұжырымды зерттеушілердің салыстырмалы талдау нәтижесінде айтуға болады (Д. Дьюи, И. Я. Лернер, М. И. Махмутов, Д. А. Слинкин, У. Х. Килпатрик және т. б.) И. Я. Лернердің позициясынан проблема бұл «субъект өз қаражаты негізінде шешуге қабылдаған проблемалық жағдайды білдіреді». Проблема материалданған түрде оқушыға жобалық тапсырма

түрінде пайда болады. Д. А. Слинкиннің «оқу жобалары – бұл оқу процесінде ұзақ мерзімді шешуге арналған жоғары күрделі проблемалық жағдайлар» дегені де проблемалық оқыту мен жоба әдісінің өзара байланысын білдіреді.

Проблема – жобалық оқыту әдісінің ерекшелігі. Сондықтан, бұл әдіс алдымен «проблемалар әдісі» немесе «мақсатты әрекет әдісі» деп аталды. Проблемалық оқыту таным жүйелерінің бірі болып білім алушыларды пассивті білім қабылдаудан белсенді игеру және қолдануға, таным мен оқыту процестерін жақындатуға мүмкіндік береді.

Жобалық және проблемалық оқытудың бірқатар жалпы белгілері бар:

– жобалық және проблемалық оқыту Д. Дьюи мен оның ізбасары У. Килпатриктің жалпы психологиялық-педагогикалық идеяларына негізделген;

– осы оқыту түрлеріндегі оқушылардың іс-әрекет кезеңдері есептерді шешу бойынша ойлау іс-әрекетінің жалпы кезеңіне сәйкес келеді;

– осы оқыту ережелері белсенді оқыту әдістерін іске асырады, қатысушылардың танымдық өзіндік деңгейін арттыруға, білім мен тәжірибені, теориялық және практикалық әрекетті біріктіруге бағытталған [3].

Жобалық іс-әрекетке тән оқу проблемасы – бұл жеке адам немесе адамдар тобы үшін жеке білім мен білмеудің қақтығысы, ал ғылыми проблема – жалпыға бірдей білім мен білмеудің қақтығысы [4]. Оқу проблемасы деп ақыл-ой ізденісінің бағытын анықтайтын, белгісіздердің мәнін зерттеуге (түсіндіруге) қызығушылықты оятатын және жаңа тұжырымдама мен жаңа әрекет тәсілін игеруге әкелетін логикалық-психологиялық қарама-қайшылық формасы. Оқу проблемаларының формалары проблемалық танымдық есеп, проблемалық сұрақ, проблемалық тапсырма (теориялық немесе практикалық) болуы мүмкін, оларды студенттер үшін кез-келген оқу пәнін оқытуда, сонымен қатар студенттердің өзіндік жұмысында қолдануға болады. Жалпы, проблемалық тәсілді, дәлірек айтқанда, проблемалық оқытудың негізгі категорияларын қолдану кезінде «проблемалық жағдай», «оқу проблемасы», «проблемалық міндет» студенттердің белсенділігін арттыру және танымдық қызығушылығын арттыру, олардың өздігінен білім алуға және шығармашылыққа деген ұмтылысын дамыту [5] байқалады.

Жобалар әдісі мен проблемалық оқытудың байланысын түсіну «жобалар әдісі» түсінігін анықтауды қажет етті. Жобалар әдісі – бұл белгілі бір оқу өнімін жасау үшін студенттердің белсенді, өзіндік, шығармашылық іс-әрекетімен сипатталатын проблемалық оқыту технологиясы. Жобалар әдісінің басты ерекшелігі – студенттер әрекетінің мазмұны. Іс-әрекеттің мазмұны тақырыппен, тапсырмалармен, алынған материалдарды ұсыну және бағалау сипатымен анықталады. Тақырып пен жобалық тапсырмалар

жобалар әдісін іске асыруда жетекші рөл атқарады деп айтуға болады, өйткені олар проблеманы анықтайды, олардың негізінде жобалық әрекет жүзеге асырылады. Тақырып негізінде тәлімгер тиісті жобалық тапсырмаларды, есептерді әзірлейді, таңдайды [6].

Проблемалық оқытудың мәнін талдауда жобалық әрекетті қалыптастырудың келесі мүмкіндіктері анықталды:

1) жобалық әрекет шығармашылық (өнімді) сипатқа ие болғандықтан, оны мақсатты түрде қалыптастыру өз кезегінде проблемалық оқыту әрекетінің жетекші түрі болып табылатын оқу-танымдық әрекеті процесінде жүруі мүмкін.

2) проблемалық оқытудың негізгі функциясы – теориялық ойлау процестерін дамыту (талдау, синтез, жалпылау, нақтылау, абстракция, салыстыру, ұқсастық) болғандықтан, ал бұл процестер жобалық іс-әрекет біліктерінің негізін құрайтындықтан, проблемалық оқытудың құралы ретінде студенттердің жобалық іс-әрекетке дайындығын мақсатты түрде қалыптастыруға болады.

3) проблемалық жағдай танымдық белсенділікті ынталандырады және оқу процесіне қызығушылықты арттырады, сондықтан проблемалық жағдайларды қолдану арқылы студенттердің жобалық әрекетке дайындығының мотивациясын қалыптастыруға болады.

Біздің зерттеуімізде биолог-студенттердің генетика пәні бойынша жобалық іс-әрекетке дайындығын қалыптастыру процесі қарастырылды, өйткені генетика тіршіліктің екі негізгі қасиетін – тұқым қуалаушылық пен өзгергіштікті зерттейді, ал олардың заңдылықтарын түсінбестен өмірдің үздіксіздігін түсіну мүмкін емес.

Айта кету керек, генетикалық құраушы биолог-студенттер оқитын барлық негізгі биологиялық пәндерден байқалады.

Генетикалық процестердің осы сипатына сүйене отырып, генетика зерттейтін төрт негізгі теориялық мәселені тұжырымдау ыңғайлы.

- Генетикалық ақпаратты сақтау мәселесі.
- Генетикалық ақпаратты өткізу мәселесі.
- Генетикалық ақпаратты жүзеге асыру мәселесі.
- Генетикалық ақпараттың өзгеру мәселесі.

Осы төрт мәселенің барлығын генетика әртүрлі деңгейде – молекулалық, жасушалық, организмдік, популяциялық деңгейде зерттейді [7].

Сонымен қатар, педагогикалық университетте биология мұғалімінің кәсіби дайындығының негізгі бөлігі әрдайым оның әдістемелік дайындығы болып саналады, ол студенттерге биологиялық оқу материалын таратудың тиімді әдісін мақсатты түрде оқытудан тұрады. Педагогикалық
